



ТҰРДАЖ- ҚАЗАЛЫ

№22
(2297)
Сәрсенбі
2 сәуір
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІНІҢ ЖӘРМЕҢКЕСІ ӨТТІ



Әйтеке би кентіндегі «Нұршуақ» автобекетінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге қала, кент және ауылдық округтерден 25 көлікке тиелген 35 тоннаға жуық ауыл шаруашылығы өнімдері әкелінді. 8 тонна күріш, 1 тонна сүт, 3,5 тонна ет, 1 тонна балық, 20 тонна картоп және көкөніс өнімдері, 1 тонна Қазалы конфеті шығарылды. Жәрмеңкені аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аралап көріп, кәсіпкерлермен және тұтынушылармен тілдесіп, ұсынылған өнімдердің сапасын көрді. Айта кетейік, жәрмеңкедегі өнімдер нарық бағасынан 15-20 пайызға төмен, сондықтан балық пен ет өнімдеріне сұраныс жоғары болды.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСПЕЙДІ



Аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алиевтің төрағалығымен Қазалы ауданы әкімдігі жанындағы кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аудандық комиссияның кезекті отырысы өтті.

Комиссия отырысының күн тәртібіне екі мәселе ұсынылып, тиісті сала басшылары мен мамандарының баяндамалары тыңдалды.

Күн тәртібіндегі екі мәселе бойынша аудандық полиция бөлімінің жергілікті полиция қызметі ювеналды полиция тобының аға инспекторы Мархабат Бегалиева баяндама жасады. Ол алдымен аудандық

полиция бөлімі тарапынан балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстар жайында баяндады.

Мархабат Төлепбергенқызы мұнан соң 2024 жылы және 2025 жылдың 2 айындағы кәмелетке толмағандармен жасалған және оларға қатысты жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы хабарлама жасады.

2025 жылдың 2 айында аудан көлемінде кәмелетке толмағандар мен жасөспірімдердің ата-аналары немесе заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі мерзімде жүрген 67

дерек анықталып, олардың заңды өкілдеріне ескертулер жасалған. Сондай-ақ есепті мерзімде құқық бұзушылық жасағандары үшін аудандық полиция бөліміне 90 кәмелетке толмаған жастар жеткізіліп, тиісті шара көрілген.

Комиссия отырысында аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алмасұлы сөз сөйлеп, комиссия жұмысының міндеттеріне тоқталды.

Сонымен қатар, тиісті сала басшыларына жасөспірімдердің қатысуымен болатын құқық бұзушылықты болдырмау, алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейту керек екенін жеткізді.

СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қазір күн тәртібінен түспейтін басты мәселелердің бірі – тазалық жұмыстары. Сондықтан Наурыз айынан бастап ауданымызда санитарлық тазалық жұмыстары қолға алынған болатын.

Өткен сенбіде қала, кент және ауылдық округтерде тазалық, көркейту және көгалдандыру, сенбілік жұмыстары ұйымдастырылды.

Сенбілікте елді мекендерге баратын автожолдардың жиегінде өскен шөптер, «Қарамайкөл» аумағы, Водоканал елді-мекеніне барар жол жиегі, Батыс теміржол өткелі мен Бөріқұлақов көшесінің аралығы, Әйтеке би кентіндегі орталық көшелер тазартылып, жол жиегіндегі бордюрлер әктеліп, ағаштар балақталып, көшедегі аяқ су арықтары тазартылды.

Аудан орталығында жүргізілген сенбілік жұмыстарын аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет аралап көріп, Әйтеке би кентінің әкімі Әліби Әбиев пен әрбір аймақтардың тазалық жұмыстарына жауапты басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, тазалық жұмыстарына 120 мекеме, 2146 адам, 41 техника қатыстырылып, 26 тонна бей-берекетсіз жатқан қоқыстар мен тұрмыстық қалдықтар арнайы орынға шығарылды.

**Қазалы ауданы әкімдігінің
баспасөз қызметі**

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІМЕН ТОЙЛАДЫҚ



Наурыз – көктемнің келуімен бірге адамзаттың жанына жылылық пен үміт сыйлайтын ерекше мереке. Наурыз – ұлы даланың төл мерекесі, табиғаттың қайта түлеуін, тіршіліктің жаңаруын паш ететін ғажайып күн. Күн мен түн теңеліп, жер ана бусанып, тіршілік атаулыға жан біткен шақта, адамзат та бір-біріне ізгілік пен мейірім сыйлайды. Бұл мереке – тек көктемнің келуі ғана емес, жан дүниеміздің тазарып, өткенге салауат айтып, жаңа күнге үмітпен қараудың белгісі. Бұл – дала төсін ән мен күй тербетіп, ағайын бір дастархан басында бас қосатын күн.

Ұлыстың ұлы күні – қазақ халқы үшін ерекше қастерлі мереке. Бұл – береке мен бірлік, татулық пен тағылым күні. Аталаймыз Наурызды тек жаңа жылдың бастауы ғана емес, адамдар арасындағы мейірімділік пен қамқорлықтың мерекесі деп білген. Өйткені көктемгі күннің шуағы тек табиғатты емес, жан дүниемізді де жылытатын құдіретке ие.

Наурыздың басты ерекшелігі – оның тек қазақ халқына ғана емес, бүкіл түркі әлеміне ортақ болуы. Қазақстаннан бастап, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Әзербайжан және басқа да елдерде Наурыз ұлттық деңгейде тойланады. Әр халық бұл мейрамды өзінше атап өтсе де, оның негізгі мәні – табиғатпен үндестік, адамдар арасындағы татулық пен сыйластық болып қала береді.

Наурыз мерекесінің тағы бір артықшылығы – оның табиғатпен тікелей байланысты болуы. Бұл кезде күн мен түн теңесіп, табиғат жаңа тіршілікке қадам басады. Дәл осы кезеңде адамдар жер жыртып, егін егуге дайындалады. Қазақ халқы ежелден табиғатты құрметтеп, оның заңдылықтарына сәйкес өмір сүрген. Сондықтан Наурыз – экологиялық сананың қалыптасуына да ықпал ететін мейрам.

Наурыз қазақ халқының ұлттық рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл мереке халықтың бірлігін, татулығын және мейірімділігін насихаттайды. Наурыз кезінде бірнеше маңызды дәстүрлер орындалады:

- Көрісу – адамдар бір-бірімен қауышып, жақсылық тілейді.
- Наурыз көже дайындау – жеті түрлі тағамнан тұратын мерекелік ас.

- Бата беру – үлкендердің жастарға ізгі тілектер айтуы.

- Ұлттық ойындар – көкпар, күрес, қыз қуу және басқа да дәстүрлі ойындар.

Бұл дәстүрлер қазақ халқының өмір салтымен тығыз байланысты және ұлттық бірегейліктің маңызды элементтерінің бірі болып табылады.

Бұл күні кең далада Наурыз көже пісіріліп, әр үйден ас иісі аңқиды. Наурызда әрбір үйдің есігі ашық, дастарханы мол болған. «Қонақ келсе – құт келеді» деп білген халқымыз үйіне кірген жанға дәм ұсынып, шынайы ықылас білдірген. Әсіресе, Наурыз көже – бұл күннің басты тағамы. Оның құрамындағы жеті дәм – тоқшылықтың, молшылықтың, табиғаттың адамға тарту еткен несібесінің көрінісі. Наурыз көжеден дәм татқан адам сол жылғы несібесін еселейді деп сенген халқымыз оны асқан ықыласпен әзірлейді.

Наурыз мерекесі – ұлттық салт-дәстүрлердің қайта жаңғыруы. Қыз қуу, көкпар, бәйге, алтыбақан тебу секілді ойындар – қазақтың қайсар рухын, шымырлығын, өнерге деген махаббатын көрсететін ғажайып дәстүрлер. Бұл күндері жұрт алаңға жиналып, ән айтып, күй шертеді, бір-біріне бата береді.

Наурыз – тек мереке ғана емес, рухани жаңғырудың бастауы. Бұл күні әр жүрекке шуақ құйылып, әр жанардан қуаныштың нұры төгіледі. Табиғаттың оянуы – адам баласының да ізгілікке ұмтылуы.

Наурыз – өткен мен болашақты жалғап тұрған алтын көпір іспетті. Бұл күнді тойлау – ата-бабамыздың аманатын жалғастыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Ұлыстың ұлы күнінде әр шаңыраққа бақ пен береке қонып, жүректерге мейірім ұяласын!

Қазалы ауданында Наурыз мейрамы өзіндік ерекшелікпен тойланды. Оның үстіне қуанышымызға аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев бастаған бір топ Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттарының келуі, жаңа мектепті ашып, Ақтан батыр аулын газға қосу қуанышымызды еселеп жіберді.

Наурыздан наурызға аман-есен жете берейік.

Айдана ТІЛЕУЖАН

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ

Әр адам үшін мамандық таңдаудың мәні зор. Ал мамандықты таңдап, еңбек ету, мықты маман болу үшін сапалы білім қажет. Әр адам өзі қалаған мамандық бойынша қызмет етеді. Сол мамандықтардың ішінде бүгінгі таңда сұранысқа ие болып отырғаны жұмысшы мамандықтары. Себебі, қазіргі таңда жұмысшы мамандықтарына сұраныс өте жоғары. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтарының жылы» деп жариялады. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев кезекті жолдауында:

«Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау – айрықша өзекті мәселе. Бұл – экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам. Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», - деген болатын.

Мемлекет басшысының жолдауынан ұққанымыз жұмысшы мамандықтардың биікке өрбуінің айқын көрінісі болатын уақыт – осы жыл.

Мен осы саланың маманы ретінде бұл саланың өзіндік ерекшелігін айтар болсам, университеттегі 4-5 жылдық білімнен гөрі, кейбір жұмысшы мамандықтарын бірнеше ай немесе жыл ішінде меңгеруге болады. Сонымен қатар, тәжірибе жинақтау арқылы жоғары біліктілікке жетуге болады. Көптеген жұмысшы мамандықтары тұрақты табысты қамтамасыз етеді. Мысалы, тәжірибелі дәнекерлеуші немесе кран операторы кейбір кеңсе қызметкерлерінен де жоғары жалақы алуы мүмкін. Жұмысшы мамандықтарының ерекшелігі өте көп. Мен аспаз мамандығы бойынша осы салада біраз жылдан бері қызмет етіп келемін.

Өз мамандығыма сүйіспеншілікпен және үлкен құрметпен қараймын. Тамақтану – адам өмірінің ажырамас бөлігі болғандықтан, кәсіби аспаздарға деген сұраныс ешқашан төмендемейді. Бұл сала шығармашылықты, төзімділікті және шеберлікті талап етеді. Аспаз мамандығы – әрдайым сұраныста болатын, қызықты әрі табысты кәсіп. Егер сіз тамақ әзірлеуді ұнатсаңыз, жаңа дәмдер мен ерекше тағамдар жасағыңыз келсе, бұл сала сіз үшін таптырмас мүмкіндік. Тәжірибе мен еңбекқорлық арқылы кәсіби деңгейге жетіп, үлкен жетістіктерге қол жеткізуге болады.

Жалпы тек өз мамандығым ғана емес, бүкіл жұмысшы мамандықтары қазіргі таңда үлкен маңыздылыққа ие. Бұл сала ешқашан өшпейтін, керісінше, алға қарай дами беретін сала. Барша жастарды еңбекқорлыққа үйрететін жұмысшы мамандықтары қоғамның дамуы үшін өте маңызды. Жастар мен жұмыс іздеушілер үшін бұл бағыт табысқа жетудің, мансаптық дамудың және тұрақты жұмыс табудың тиімді жолдарының бірі бола алады деп үлкен сеніммен айта аламын.

Егер сіз қолөнерге жақын болсаңыз немесе нақты нәтиже көрсететін жұмысты ұнатсаңыз, жұмысшы мамандықтары сіз үшін жақсы таңдау болуы мүмкін. Баршаңызды еңбекқорлық пен нәтижелі табысқа шақырамын.

Замира МАМАНОВА,
Қазалы аграрлы-техникалық
колледжінің
арнайы пән оқытушысы,
Қазалы қаласы

ҚҰЖАТТАРДЫҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫНА САРАПТАМА ЖҮРГІЗУ

Ұйым архивінде құжаттардың құндылығына сараптама ҰАҚ құрамына жатқызылған құжаттарды іріктеу, оларды тиісті мемлекеттік архивке тұрақты сақтауға тапсыруға дайындау, ҰАҚ құрамына жатқызылмаған құжаттардың сақтау мерзімдерін айқындау және сақтау мерзімдері өтіп кеткен құжаттар мен істерді жоюға бөлу мақсатында жүргізіледі. Құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу және оның нәтижелерін қарау үшін ұйымда сараптау комиссиясы (бұдан әрі – СК) құрылады. Құжаттардың құндылығына сараптаманы жоспарлы түрде жыл сайын ұйым архивінің жұмыскері жүргізеді. Мемлекеттік архивтің жинақтау көзі болатын ұйымда құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу тиісті мемлекеттік архив мамандарының әдістемелік және консультациялық көмегімен жүзеге асырылады.

Ұйымқайта ұйымдастырылған (таратылған) кезде құндылыққа жоспардан тыс сараптама жүргізіледі. СК шешімдері ұйым басшысы бекітетін хаттамамен ресімделеді.

Мемлекеттік архивтердің, ЖАО құратын тиісті сараптау-тексеру комиссиясымен (бұдан әрі – СТК) келісілгеннен кейін ұйым басшысы бекітеді.

Құжаттардың құндылығына сараптама жүргізу кезінде:

1) ұйым құжаттарының құрамын талдау;

2) мемлекеттік архивке тапсыру үшін сақтау мерзімі тұрақты істерді іріктеу және дайындау;

3) құжаттардың төлнұсқа даналарының бар-жоғын тексеру және істеріне осы құжаттар енгізілген құрылымдық бөлімшелерді айқындау;

4) олардағы ақпараттың басқа құжаттарда қайталану сипатын, қайталаудың түрін, нысанын және толықтығын нақтылау жүзеге асырылады.

Қайталанатын ақпараты бар

құжаттарды және дублеттік құжаттарды жоюға бөлу олар тұрақты сақтауға іріктелген құжаттармен салыстырылғаннан кейін ғана жүргізіледі.

Құрылымдық бөлімшелерде құжаттарды ұйым архивіне тапсыруға дайындау кезінде құжаттардың екінші және одан кейінгі даналары, шимайқағаздары, құжаттардың ресімделмеген көшірмелері алынбаса, олар қарап шығу (тыңдау) барысында алып тасталады.

Анықталған кемшіліктерді ұйым архивінің жұмыскері жояды. Қажет болған кезде істердің тақырыптары нақтыланады, істер сөгіледі және пішімделеді, істегі парақтарды қайта нөмірлеу жүзеге асырылады.

Құжаттардың құндылығын сараптау нәтижелері бойынша және құрылымдық бөлімшелер істерінің, құжаттарының тізімдемелері негізінде:

1) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша тұрақты сақталатын істердің, құжаттардың тізімдемесі;

2) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша тұрақты сақталатын электрондық құжаттар (істер) тізімдемелері;

3) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша жеке құрам бойынша істер тізімдемесі;

4) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша жеке құрам бойынша электрондық құжаттар (істер) тізімдемесі;

5) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша уақытша (10 жылдан астам) сақталатын электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесі;

6) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша уақытша (10 жылдан астам) сақталатын электрондық құжаттардың (істердің) тізімдемесі;

7) уәкілетті орган бекітетін нысан бойынша сақтауға жатпайтын құжаттарды жоюға бөлу туралы акт;

8) уәкілетті орган бекітетін

нысан бойынша сақтауға жатпайтын электрондық құжаттарды (істерді) жоюға бөлу туралы акт жасалады.

Тізбе бес жылда бір реттен сиретпей жасалады.

Тізбе тармақтарын жүйелеу хронологиялық, тақырыптық немесе тақырыптық-хронологиялық белгілер бойынша жүзеге асырылады.

Тізбені ұйымның ОСК (СК) келіскеннен кейін ұйымның басшысы және мемлекеттік архив СТК-ы бекітеді.

Тізбе екі данада жасалады. Ол бекітілгеннен кейін бір данасы тиісті мемлекеттік архивте қалдырылады. Ал екіншісі данасы ұйымда қалады.

Сонымен қатар, ұйымда істер номенклатурасы жасалмаған жағдайда құжаттардың қалыптасуы мен сақталуы дұрыс жолға қойылуы қиын. Бұл жағдай өз кезегінде мемлекеттік архивке құжаттардың сақталуға толық өтпеуіне немесе жоғалып кетуіне әкеліп соғады. Осы ретте Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-Ү «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 509-бабында «мекемеде тұрақты сақталатын Ұлттық архив қорының құжаттарын және номенклатураға сәйкес рәсімделген мекеме құжаттарын облыстық сараптау тексеру комиссиясыз жойылуына және жоғалуына жол берілетін болса орта кәсіпкерлік субъектілеріне-қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне сексен айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады» деп көрсетілген.

Ведомостовалық архивтен мемлекеттік архивке құжаттардың толық әрі дұрыс өткізілуіне адам құқығын қорғауға тікелей қатысы бар екенін түсініп, білуіміз керек.

Архивтік анықтаманың негізін қалаушы ол-ведомостовалық архивте жинақталатын құжаттар.

Мекемедегі, ұйымдағы құжаттар сарапталып архивке толық өткізілсе ертеңгі күні сол мекемеде қызмет атқарған адамдардың еңбек өтілін толығымен растап архивтік анықтама беруге үлкен көмек болары айтпаса да түсінікті. Көпшілік адамдардың аудандық архивке жазған сұраныс – өтініштеріне қанағаттанғысыз жауап алуы архив қызметкерлерінің кінәсінен емес керсінше, сол мекеменің құжаттарын мерзімі келгенде ұқыпсыздықпен, салақтықпен қалай болса солай өткізген немесе мүлде өткізбей жоғалтып жіберген мекеме қызметкерінің тікелей кінәсінен деп түсінуіміз керек. Осындай жүрдім-бардым әрекеттердің орын алуынан құжаттардың аудандық архивке сақталуға толық немесе мүлде өткізілмеуі қаншама адамдардың тағдырына кері әсерін тигізеді. Азаматтардың жұмыс істегені рас болса да жұмыс істегенін растайтын анықтама ала алмауы мекеме құжатын дұрыс өткізбеуінен. Мекеменің, ұйымның құжаттары мемлекет үшін қайталанбас мәні бар түпнұсқалар екенін түсінетін уақыт келді.

Архив-халықтың алтын мұрасы, қымбат қазынасы. Ел тарихының түрлі даму кезеңіндегі әлеуметтік, экономикалық, саяси құрылымы, мәдениеті мен тұрмысы туралы деректерге толы архив саласының маңыздылығы уақыт өткен сайын арта түспек. Рухани мұра болып табылатын тарихи деректер мен құжаттарды келешек ұрпаққа жеткізу архив саласы арқасында мәңгілікке жалғасуда.

Н.НҰРЖАУБАЕВ,
«Қызылорда облысының
мемлекеттік архиві»
коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің
«Қазалы аудандық архиві»
филиалының қойма
меңгерушісі

ТҰМАУДАН САҚТАНАЙЫҚ

Жедел респираторлық вирусты жұқпалар мен тұмау – жоғарғы тыныс жолдарының жұқпалы жедел вирустық ауруы.

Тұмау жұқпасының таратушы көзі-науқас адам. Тұмау вирустары адамның тыныс жолдарында, мұрын қуысында, өңешінде өсіп-өніп көбейеді. Қоздырғыштар ауа арқылы тез тарайды, науқас адамнан сау адамға жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде, сонымен қатар науқас адамның пайдаланған заттары (ыдысы, сүлгісі, қол орамалы, кітабы, есік тұтқасы және тағы басқа) арқылы жұғады.

Аурудың жасырын кезеңі өте қысқа. Вирус ағзаға түскен кезден бастап, аурудың алғашқы белгілері білінгенге дейін 24-48 сағат қана өтеді. Тұмау басталғаннан кейін 3-4 тәулік ішінде аса қауіпті әрі жұқпалы болады.

Тұмаудың негізгі белгілері: ауру шұғыл басталады, дене қызуы 39 градусқа және одан да жоғары көтеріледі, дене түршігіп, бас және бұлшық еттер ауырады, әлсіздік, көзі жасаурап, қызарады.

Аурудың қауіптілігі аурудан кейінгі асқыну жағдайлары. Сонымен қатар тұмау ауруы 2 жасқа дейінгі балалар, қарттар, созылмалы аурумен ауыратын науқастар арасында ауыр түрде өтеді. Ал екіқабат әйелдің тұмаумен ауруы өте қауіпті.

Тұмау ауруынан сақтанудың ең тиімді шараларының бірі-тұмау ауруына қарсы вакцина ектіру. Тұмаудың өріс алуы кезеңі алдында халықтың неғұрлым осал топтарына (60 жастан асқан адамдар, созылмалы өкпе, жүрек-қан тамыры аурулары, иммундық жетіспеушілігі бар ересектер мен балалар, әлсіз және жиі ауыратын балалар, жүкті әйелдер) және меди-

цина қызметкерлеріне тұмауға қарсы егу шарасы жүргізіледі. Тұмауға қарсы егілгендер арасында ауру жеңіл өтеді, асқыну мен өлім жітім жағдайлары азаяды.

Сонымен қатар науқас және оны қоршаған адамдар тұмаудың жұғу жолдарының ең қарапайым алдын алу шараларын білуі тиіс. Науқасқа күтім жүргізгенде масқа тағу, қолды жиі жуу, бөлек сүлгі пайдалауды қадағалаған жөн. Науқас жатқан бөлмені желдетіп, ылғалды тазалау жұмыстарын жүргізу маңызды.

Өздеріңізге жақын адамдарға қауіп тудырмаңыз. Ауырып тұрсаңыздар балалары, екіқабат әйелдері, қарт кісілері бар үйлерге, көпшілік жиналатын орындарға бармауға тырысыңыз.

С ы р қ а т т а н у ш ы л ы қ т ы ң көтерілу кезеңінде мектепке дейінгі балалар ұйымдарында,

мектептерде, мектеп интернаттарында тұмаумен ауырған балалар мен қызметкерлері арасында бақылауды күшейтіп, оқшаулауы және балабақшаларда таңертеңгілік балалардың мұрын –жұтқыншақ аймағын қарап, дене қызуын өлшеп, ауырған балалар мен ересектерді дереу оқшаулауды қамтамасыз ету, ойын-сауық және көпшілік іс шараларды шектеу, сынып бөлмелерін әр сабақтан кейін желдету және күнделікті ылғалды тазалық жұмыстарының сапасын және жиілігін арттыруы қадағалануы тиіс.

Тұмаудың алғашқы белгілері пайда болған кезде үйде қалып, дереу дәрігер шақыртыңыз.

Гүлзат ЖҰБАНДЫҚОВА,
Қазалы аудандық
санитариялық-
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
бөлім басшысы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ "САЛЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТКЕ ТӨЛЕНЕТІН БАСҚА ДА МІНДЕТТІ ТӨЛЕМДЕР ТУРАЛЫ" КОДЕКСІНІҢ 93-БАБЫНА СӘЙКЕС МӘЖБҮРЛІ ТҮРДЕ ТАРАТЫЛУҒА ЖАТАТЫН САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕРДІҢ ТІЗІМІ

№	ЖСН / БСН	РНН	Салық төлеушінің Атауы	Мемлекеттік кірістер басқармасының атауы
1	861214402493	330320103373	ЖК "БАЛМАГАМБЕТОВА ИНДИРА" (БАЛМАГАМБЕТОВА ИНДИРА САГЫНЫШОВНА)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
2	000410500349	330320237913	ЖК "Өмірбек Әзиз" (ӨМІРБЕК ӘЗИЗ ӨМІРБЕКҰЛЫ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
3	000425500806	330320415915	ТЕМІРҒАЛИ (ТЕМІРҒАЛИ АЛТЫНБЕК ДАЙРАБАЙҰЛЫ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
4	020427500494	330320479471	"Шалбасов Н.С" (ШАЛБАСОВ НҰРМҰХАМЕД САЙЛЫБЕКҰЛЫ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
5	030406500213	330320288137	САҒИДУЛЛА ДИДАР СЕРІКҰЛЫ	Қазалы ауданы бойынша МКБ
6	511228401698	330315192054	жк "Алдабергенова А" (АЛДАБЕРГЕНОВА АЙСУЛУ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
7	700407301215	330310240116	ИП Мамырбаев (МАМЫРБАЕВ МАРАТ ЖАМБЫЛОВИЧ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
8	820516302627	330320011499	ЖК"ТҮРЕБЕКОВ АЛИБЕК " (ТҮРЕБЕКОВ АЛИБЕК СЫРЛЫБАЕВИЧ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
9	820915301122	330315320764	ИП Досмырзаев (ДОСМЫРЗАЕВ НУРГАЛИ ДОСМЫРЗАЕВИЧ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
10	850530402843	330320108011	ЖК "БАЛИМОВА П" (ТУЛЕБАЕВА ПЕРУЗА АМАНГЕЛЬДИЕВНА)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
11	910922301427	330220234277	ИП ЖАНЫСОВ (ЖАНЫСОВ МУРАТБЕК АСЫЛБЕКОВИЧ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
12	940415400751	330320251204	ЖК "M and J Inspiring" (ЖЕТЕС ЖАНАТ ЖАНЗАҚҚЫЗЫ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
13	940817300463	330320257093	Нагиев (НАГИЕВ АСКАР РАШИДОВИЧ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
14	940903301369	330320263779	ИП Канибаев (КАНИБАЕВ НУРБОЛ ЖЕНИСОВИЧ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
15	940905300858	330320254704	ИП МҰРАТ (МҰРАТ АСХАТ ШАНҚЫБАЙҰЛЫ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
16	950213300967	330320280065	ӘБІЛҚАСЫМ ЖАСТІЛЕК ҚАЙРАТҰЛЫ	Қазалы ауданы бойынша МКБ
17	951019300320	330320241251	АРНҰР (СЕРІК АРНҰР СЕРІКҰЛЫ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
18	970101401074	330320194421	Жолшиев Баймұрат (СӘРСЕН АЙШОЛПАН ЕРКІНҚЫЗЫ)	Қазалы ауданы бойынша МКБ
19	170540002710	330300214871	тоо "Unit kz (Юнит кз) "	Қазалы ауданы бойынша МКБ
20	200840023267	330300215935	тоо ""БІЛІМ" ББО"	Қазалы ауданы бойынша МКБ
21	080340014470	330300212149	СПК "Талап"	Қазалы ауданы бойынша МКБ
22	160240030179	330300214233	Общественное объединение инвалидов "Қазалы-Самғау"	Қазалы ауданы бойынша МКБ
23	160740021841	330300214412	тоо "МАНСУРИ"	Қазалы ауданы бойынша МКБ
24	210640019868	330300216394	тоо "Рухшана"	Қазалы ауданы бойынша МКБ
25	150740005184	330300214057	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "НУРАСЫЛ-ЛОМБАРД"	Қазалы ауданы бойынша МКБ
26	121140002630	330300212941	"Микрокредитная организация "Жақсылық" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазалы ауданы бойынша МКБ
27	141040007891	330300213873	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Несие серіктестігі"НурАС""	Қазалы ауданы бойынша МКБ
28	61040015794	330300211767	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Микрокредитная организация "Мивва"	Қазалы ауданы бойынша МКБ
29	60340024107	330300211712	"Жас Орда" жастар қоғамдық бірлестігі	Қазалы ауданы бойынша МКБ
30	150740025119	330300214090	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ""Аймар Қаржы" кредиттік серіктестігі"	Қазалы ауданы бойынша МКБ
31	140640018379	330300213565	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ""Несие серіктестігі "ТӘУЕКЕЛ ТУЫ""	Қазалы ауданы бойынша МКБ
32	130840012107	330300213191	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Несие серіктестігі "Асанхан"	Қазалы ауданы бойынша МКБ
33	150740024923	330300214081	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Несие серіктестігі "БАҚ"	Қазалы ауданы бойынша МКБ
34	140340019099	330300213411	Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі "Несие серіктестігі Кеңес"	Қазалы ауданы бойынша МКБ

Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗ

Өрт-бұл әрқашанда қасірет. Алайда, өрт болған жағдайда мінез-құлықтың қарапайым ережелерін бәрі бірдей біле бермейді. Тіпті 101 өрт сөндіру қызметінің нөмірі дүрбелеңмен ұмытылады. Қиын жағдайда төмендегі кеңестерге назар аударыңыз.

Бірінші кезекте тұрғын үй секторындағы өрттердің туындауының негізгі себептері мыналар екенін білу қажет:

-отпен байқамай әрекет қылу (темекі шегу, от жағу және тағы басқа);

-электр жүйесін, электр құралдарын, электр-тұрмыстық құралдарды құрастыру және пайдалану ережелерін бұзу (электрлік жүйелерінің көнеруі, аса көп жұмыстардан қорғау аппараттарының жарамсыздығы, электр жүйелерінің дұрыс қосылмауы, электр-тұрмыстық құралдардың ұзақ жұмыс жасауы, тұрғын

үйлерге электр жүйелерін енгізу);

- пештер мен түтіндіктердің дұрыс құрылмауы және пештер мен басқа да жылыту аспаптарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталмауы;

-балалардың отпен ойнауы (қараусыз қалған, сіріңкемен және күн түсетін заттармен ойнау);

-өртеу, өрт жіберу.

Өрттің жану белгілерін және өртті анықтаған жағдайдағы іс-әрекет:

- шұғыл «101» немесе «112» телефондарына өртке қарсы қызметіне қоңырау шалыңыз;

-өрт болған кезде (тұрғын үйден немесе пәтерден) ғимараттан шығып, өзіңізбен бірге өте қажетті құжаттар мен бағалы заттарды алыңыз;

-өрт туралы көршілеріңізге хабарлаңыз; газ құбырларын өшіріп, электр токтарын

ажыратыңыз.

Сақтандыру шаралары. Өрттің туындауының алдын-алу және адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтап қалу мақсатында келесідей өртке қарсы іс-шараларды қолдану қажет:

-тұрғын үйдегі пештер мен мұржаларды немі қарап, 3 айда 1 рет мұржаларды тазарту керек;

-тек зауыттан жасалған электр жүйелерін қорғау аппараттарын қолдану;

-үй және құрылыс аймағына іргелес жатқан өртенген қоқыс уақытында тазартылуы тиіс;

-жиһаздарды, терезе жапқыштарды және басқа да жанғыш заттарды пештен 0,5 м. кем емес ара қашықтықта орналастыру керек;

-әрбір пештің жағу саңылауының алдына 50×70 см кем емес метал жайма қағуыңыз қажет.



Дегенмен, тұрғындарға ескертеміз! Өрт қауіпсіздік ережесін дұрыс пайдалансаңыз, қайғылы оқиғаларға жол бермейсіз. Отқа абайлап қарап, сақ болыңыздар!

**Қазалы ауданының
Төтенше жағдайлар
бөлімі**

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компью-
термен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-
38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама
беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.